Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі
«Жастар ресурстық орталығы» КММ
Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, № 28, тел. 54-21-90, taraz_zhastar@mail.ru

«Нығмет Нұры»
қоғамдық бірлестігіне

«Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ «Жастар ресурстық орталығы» КММ болып табылатын №14133447-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу бойынша қызметтер» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алуға қатысты, Сіздің 2025 жылғы 20 наурыздағы № 249259 хатыңызға келесіні хабарлайды.

№14133447-1 конкурсының № 76545048-ГСЗ2 лоты бойынша

Бірінші шағым бойынша:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 462-тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарда көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия осы Қағидалардың 460-тармағында көзделген әлеуетті өнім берушілер берген конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін ұпайларды есептейді.

Сіздің өтінішіңізді қарап, конкурстық комиссия мүшелері «Нығмет Нұры» қоғамдық бірлестігін бағалау өлшемшарттары бойынша «Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы» өлшемшарты бойынша негізсіз 4 балл қойылған. Осылайша, өтінішіңізде келтірілген дәлелдер расталды.

Екінші шағым бойынша

«Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігінің "Адал қоғам" қоғамдық бірлестігіне жасаған шағымы бойынша жауап:

«Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігі бойынша Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі тармағында заңды 2 балл қойылған. Себебі өнім беруші «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігі

конкустық құжаттамаға тек 1 ғана жоба жетекшісін тіркеген. Яғни Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың құжаттарын тікпеген. Яғни ол жерде заңгер немесе психолог, кездесулерге тартылатын спикер немесе тағы басқа мамандар көрсетілуі қажет еді.

Сонымен қоса 2025 жылғы заңдық өзгерістерге сәйкес өнім беруші жоба аясында тартатын мамандар жеке ЭЦҚ кілті арқылы мемлекеттік сатып алу порталына тіркеу бойынша ЭЦҚ кілті арқылы рұқсат беріп, қол қойылуы қажет. Сонда ғана қол қойған маман аталған өнім берушінің жоба аясында тартылатын маманы болып табылады және конкурстық құжаттаманың 12 қосымшасында көрсетіледі.

Ал «Нығмет нұры» Қоғамдық бірлестігі көрсеткен Насиров Г. есімді азаматтың құжаттары конкурстық құжаттаманы бағалауда еленбеуі қажет.

Себебі ол жоба басшысы Сүйімқұм Шарапат Батырбекқызының құжаттар топтамасының ішіне салынған. Насиров Г. есімді азаматтың құжаттары бөлек таблицада мамандық атауы, қызметкердің аты-жөні, біліктілігі туралы құжаттары көрсетіле отырып бөлек таблицада көрсетілуі қажет.

Сол себепті «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігінің шағымы қанағаттандырусыз қалдырылады.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Заңның 25-бабының 3-тармағына сәйкес Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағымдануға құқылысыз.

Мекеме басшысы **А.Есіркепов**

Орынд.: Ж.Киждуанов
Тел.:54 – 21 – 90